АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

РЕВИЗИОННАЯ КОМИССИЯ ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

20 19 жылғы "19" 04 2021 "___" _____ 20___ года

Аудиторлық есеп

Аудиторский отчет

№ ___ дана

Текелі қаласы

I. Кіріспе бөлік

Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мкемесінің «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі: (бұдан былай - Мекеме деп аталады). Мекеме Алматы облысы Әділет департаментінің Текелі қаласының Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде 2016 жылдың 03 тамызда қайта тіркеуден өткен. Бизнес сәйкестендіру нөмірі: 901040000109. Есеп айырысу операциялары «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық комитетінің «Алматы облысы бойынша Текелі қаласындағы Қазнашылық департаменті» мемлекеттік мекемесінде жүргізіледі. Банктік сәйкестендіру коды KKMFKZ2A, жеке сәйкестендіру коды KZ93070102KSN0901000.

Аудиторлық іс-шараның атауы:

Жергілікті бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуына аудит жүргізу.

Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты:

Жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізу.

Мемлекеттік аудиттің мәні: 002- «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету» жөніндегі қызметтер.

Мемлекеттік аудиттің типі, тексерудің түрі: Сәйкестік аудиті.

Көшірмежасауғатыйымсалынады. Снятие копий запрещается.

008050

"АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БАСҚАРМАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ "ШАПАҒАТ" ТЕКЕЛІ АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ЮРІС № 46
20 19 ж. " 19 " 07

Мемлекеттік аудит тобының құрамы (мемлекеттік аудиторлар сертификаттарының нөмірлері көрсетіле отырып): Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маман – мемлекеттік аудиторы Мұрат Санақұлы Ботабеков (Мемлекеттік аудитор біліктілігін иелену туралы №0302 сертификаты).

Мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырма: Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Қ. Сағымбаевтың 2019 жылғы «09» шілдедегі №02-16/14.10-218-Т Мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырмасы.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2017 жылдың қаңтарынан бастап 2018 жылдың 31 желтоқсанын қоса алғанда.

Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі: 2019 жылдың 11 шілдеден 19 шілде аралығы.

Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары: 2019 жылғы 09 шілдедегі «Аудиторлық іс – шараны, тексеруді жүргізу туралы» № 02-13/1038 хабарламасы беріле отырып, «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мкемесінің «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Нурмыханова Алма Мухангалиевнаның келісімімен, бас есепші Еділ Қуатұлы Айдабулдың қатысуымен жүзеге асырылды, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде жұмыс істеген және құжаттарға қол қою құқығы болған лауазымды адамдар: 2012 жылдың 13 желтоқсаннан бірінші қол қою құқығы мекеме басшысы Нурмыханова Алма Мухангалиевнада, екінші қол қою құқығы 2014 жылдың 02 қыркүйектен осы күнге дейін бас есепші Еділ Қуатұлы Айдабулда.

Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі: жүргізілмеді.

Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер:

Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маман – мемлекеттік аудиторы Ұ.Жапабаев 2015 жылдың қаңтарынан 2016 жылдың желтоқсанын қоса алған кезеңді қамтып, жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттың Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес атқарлуына сәйкестік аудит жүргізген. Аудитпен анықталған негізсіз төленген іс сапар шығындары 40,0 мың тенге 27.01.2017 аудит барысында бюджет есебіне өндірілген. Алматы облысы әкімі аппаратының ішкі аудит қызметкері Ә.Ерленов 2017 жылдың қаңтарынан 2017 жылдың желтоқсанын қоса алған кезеңге сәйкестік аудитін жүргізген, кемшілік анықталмаған.

Тексеру комиссиясы

Тексеру комиссиясының бақылауда тұрған Аудиторлық қорытындылары (Нұсқамалары) бойынша орындалу мерзімі өткен тапсырмалық тармақтар жоқ.

II. Негізгі бөлік

Мемлекеттік аудит көрсеткіші:

Мәнділік, аудиторлық тәуекел деңгейлері, іріктеу параметрлері, көлемі және әдістерін нақтылау арқылы анықталған мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес ең жоғары жол берілетін мөлшері айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателердің көлемі.

Оның мәселелері:

1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігін тексеру.

2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын, дұрыстығын тексеру.

3. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру.

4. Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру.

5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын аландардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру.

6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығын, шарттардың болуын, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру.

7. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.

8. Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігін тексеру.

9. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.

Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:

1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігін тексеру.

Тексеру комиссиясы
Есепті жаңа

2017 жыл: 002 «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету» бағдарламасы бойынша 358834,0 мың теңге жоспарланған, нақты шығысталғаны 358832,8 мың теңге болып, 99,9 пайызға игерілген. 067 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» бойынша 890,0 мың теңге жоспарланған, нақты шығысталғаны 890,0 мың теңге болып, 100 пайызға игерілген.

2018 жыл: 002 «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету» бағдарламасы бойынша 360031,0 мың теңге жоспарланған, нақты шығысталғаны 360029,9 мың теңге болып, 99,9 пайызға игерілген. 067 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» 21877,0 мың теңге жоспарланған, нақты шығысталғаны 21876,5 мың теңге болып, 99,9 пайызға игерілген. Жалпы аудит мерзіміне **741629,2** мың теңге бюджет қаражаты игерілген. *(1-кесте: Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат аудиторлық есебіне №5 қосымшада қоса тіркелді).*

Мекеменің қаржыландыру жоспарының жасалуы және өзгерістер енгізуде 04.12.2008 ж. №95-IV (кейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 24.11.2014 жылғы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» қағидасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 04.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» ережесі талаптары басшылыққа алынған және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» талаптарына сәйкес бюджеттік бағдарламалардың бюджеттік сыныптама кодтарына және экономикалық классификатор ерекшеліктеріне сай бағытталынған. 002 бағдарлама бойынша 25.07.2018 жылы Алматы облыстық Маслихатының №34-73 шешімі бойынша 2018 жылға 3210,0 мың тенгеге ұлғайтылып өзгеріс енгізілген.

Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардын жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ

2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын, дұрыстығын тексеру.

Мекеме жабдықтаушылар мен қызмет көрсетушілер арасында жасалған келісім шарттардың талаптары орындалған, қызметтер толық көрсетілген.

Мекеменің төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспары негізінде ай сайынғы бөлінген есептері бойынша көрсетілген қызметтерге, тауарларға бюджеттік бағдарламалардың экономикалық классификация ерекшеліктеріне сәйкес төленіп отырады. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» негізінде, жеткізіп беруші мен мердігерге қаржы аудару, келісім-шарты және төлем шоттары мен жұмыстың орындалғаны жөніндегі актілері негізінде жүргізіледі.

Есеп айырысу операциялары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 04.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» ережесінің талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ақша аударулар міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында қаралған (өзгерістерімен), ақша қаражаты шегінде шығын ерекшеліктеріне сәйкес қазынашылықтан тіркеуден өткен келісім шарттар мен қаржылық рұқсаттары негізінде, төлемшоттарымен аударылған және қазынашылық органының №4-20 Нысанына «Шығындардың жиынтық есебі» сәйкес келеді.

2017 жылы 002 - «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету» бағдарламасы бойынша 154 келісім шарттар жасалып 181420,7 мың теңге қаражат жұмсалған, соның ішінде ерекшеліктер бөлінісінде: 141 ерекшелікте «Азық-түлік өнімдерін сатып алу» бойынша 54 келісім шарт негізінде 104010,0 мың теңгеге; 142 ерекшелікте «Дәрі –дәрмектер және медициналық мақсаттағы өзгеде құралдарды сатып алу» бойынша 6 келісім шарт негізінде -7032,8 мың теңгеге; 144 ерекшелікте «Жанар-жағар май, отын материалдарын сатып алу» бойынша 6 келісім шарт негізінде 1076,9 мың теңгеге; 149 ерекшелік «Өзге де қорларды сатып алу» бойынша 33 келісім шарт негізінде 23058,0 мың теңгеге, 151 ерекшелік «Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу» бойынша 6 келісім шарт 32993,0 мың теңгеге, 152 ерекшелік «Байланыс қызметтеріне ақы төлеу бойынша» 4 келісім шарт негізінде 662,0 мың теңгеге, 159 ерекшелік «Өзге де қызметтер мен жұмыстардың ақысы бойынша» 10245,0 мың теңгеге 43 келісім шарты жасалған, 169 «Өзге де ағымдағы шығындар» бойынша 2343,0 мың тенгеге 2 келісім шарт жасалған;

067 «Бағынысты мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары» 414 ерекшелік «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу» бойынша 890,0 мың теңгеге 3 келісім шарты жасалған.

2018 жылы 002 - «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету бағдарламасы бойынша 158 келісім шарттар жасалып 182435,2 мың теңге қаражат

жұмсалған, соның ішінде ерекшеліктер бөлінісінде: 141 ерекшелікте «Азық-түлік өнімдерін сатып алу» бойынша 70 келісім шарт негізінде 105255,0 мың теңгеге, 142 ерекшелікте «Дәрі –дәрмектер және медициналық мақсаттағы өзгеде құралдарды сатып алу» бойынша 1 келісім шарт негізінде 7440,2 мың теңгеге; 144 ерекшелікте «Жанар-жағар май, отын материалдарын сатып алу» бойынша 8 келісім шарт негізінде 1341,0 мың теңгеге; 149 ерекшелік «Өзге де қорларды сатып алу» бойынша 26 келісім шарт негізінде 15587,0 мың теңгеге, 151 ерекшелік «Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу» бойынша 5 келісім шарт 38776,0 мың теңгеге, 152 ерекшелік «Байланыс қызметтеріне ақы төлеу бойынша» 2 келісім шарт негізінде 940,0 мың теңгеге, 159 ерекшелік «Өзге де қызметтер мен жұмыстардың ақысы бойынша» 10946,0 мың теңгеге 44 келісім шарты жасалған, 169 «Өзге де ағымдағы шығындар» бойынша 2150,0 мың тенгеге 2 келісім шарт жасалған;

067 «Бағыныста мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары» бойынша 21877,0 мың теңгеге 32 келісім шарты жасалған.

Келісім шарттар бойынша міндеттер орындалып есеп айырысқан. Бюджет қаржысы қаржыландыру жоспарында қаралған ерекшеліктерге сәйкес игерілген.

Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын, дұрыстығы мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру.

Қызметкерлердің еңбекақыларын қорытып төлеу, 2017-2018 ж.ж 01 қаңтарына бекітілген штат кестесі мен тарификациялық тізіміне сәйкес жүргізілген. Мекеме басшысымен 2017 жылдың мекеменің штат кестесі бойынша 240,5 болып бекітіліп, айлық еңбекақы қоры 11985,2 мың теңгені құраған. 2018 жылдың мекеменің штат кестесі бойынша 240,5 болып бекітіліп, айлық еңбекақы қоры 12017,5 мың теңгені құраған.

Азаматтық және техникалық қызметкерлерге еңбекақы төлеуде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V «Еңбек кодексі», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы басшылыққа алынған.

Аудит барысында еңбекақы, сыйақы, үстеме ақылардың және сауықтыру жәрдемақыларының есептелуі мен төленуі және қызметкерлермен

есептесуде жұмысқа қабылданған туралы, босатылғаны, еңбек демалысы туралы бұйрықтары қаралды. Еңбек демалысының төлемдерін немесе пайдаланылмаған еңбек демалысының күндерінің төлемдерін, уақытша еңбекке жарамсыздыққа, жүктілікке, бала тууға байланысты жәрдемақыларды төлеуде орташа жалақы есептеу 2015 жылғы 30 қарашадағы №908 «Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай қағидаларына» есептелген. Еңбекке жарамсыздық парағы 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1103 «Әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау, төлеу сонымен қатар оның мөлшерін анықтау ережелерін бекіту туралы» қаулысы және оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес есептелініп төленген. Мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақыларына үстеме және қосымша ақыларды төлеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29.08.2001ж. №1127 «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» қаулысы басшылыққа алынған.

Бағдарламаның «Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығы» мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

4. Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында іс-сапар шығындарына мемлекеттік мекемеде 2017 жылы – қаражат қарастырылмаған, 2018 жылы – 29,0 мың теңге қарастырылып 28,8 мың теңге игерілген. Іс- сапар шығындары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 қаулысы «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» (өзгертулер мен қосымшалармен) талаптарына сәйкес жүргізілген.

Аванстық есеп жүргізіліп, оған негіз болатын шот және басқа да құжаттар қоса тіркілген. Есепті тұлғаларға іс-сапары мақсатына төленген қаржы әр тұлғаның жеке бет шоттарына аударылып отырған.

Бағдарламаның «Іс-сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігі» тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру.

«Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі теңгеріміндегі Алматы облысы, Текелі қаласы, Стадионная к-сі, 41 үй мекен-жайындағы орналасқан ғимараттың жалпы алаңы 16010 ш.м.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 335 «Мемлекеттік органдардың аппаратын және ерекше үй-жайларын орналастыруға арналған алаңдар нормалары мен телефон байланысын пайдалану үшін тиесілілік нормалары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қаулысына сай мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған алаңдар нормалары сақталған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №179 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» талаптары сақталған.

Мекеменің теңгерімінде мемлекеттік тіркеу нөмірі 1) 2004 жылы шығарылған, мемлекеттік тіркеу нөмір В154АV, Уаз 39629/ Uaz 39629 маркалы автокөлігі, бастапқы құны -1073,6 мың теңге, қалдық құны – 0,0 теңге; 2) 2010 жылы шығарылған, мемлекеттік тіркеу нөмір В810СW, Toyota Hiace маркалы автокөлігі, бастапқы құны -6240,0 мың теңге, қалдық құны – 0,0 теңге; 3) 2012 жылы шығарылған, мемлекеттік тіркеу нөмір 404АХ05, KIA Optima маркалы автокөлігі, бастапқы құны -5015,0 мың теңге, қалдық құны – 0,0 теңге; 4) бастапқы құны -10640,0 мың теңге, қалдық құны – 10374,0 теңге, 2018 жылы шығарылған, мемлекеттік тіркеу нөмірі 273АS05, ГАЗ-2705/gaz-2705 маркалы автокөлігі қолданыста жүр.

Жанар-жағар май шығындары бойынша 2017 жылы 1046,1 мың теңгеге, 2018 жылы 1208,1 мың теңгеге, «Контракт» ЖШС- мен келісімшарттар жасалған. Қызметік автокөліктерді пайдалану шығындары, жанар-жағар май шығындары, қосалқы бөлшектерге арналған шығындар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы №1210 «Жанар-жағармай материалдары шығы старының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес негізделіп есептеліп шығысталған, қосалқы бөлшектерге арналған шығыстар ақаулық актілердің негізінде есептен шығарылған.

Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығын, шарттардың болуын, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру.

Коммуналдық төлемдерді өтеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.11.1998 жылғы №1118 қаулысы «Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да комуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы» басшылыққа алынған.

Коммуналдық қызметтер 2017 жылы «ЖетысуЭнерготрейд» ЖШС –мен 12500,0 мың теңгеге қосымша 2700,0 мың теңгеге, «Текелі су құбыры» МКК-мен (кәріз су шығару) 2400,0 мың теңгеге қосымша 1587,0 мың теңгеге, «Текелі су құбыры» МКК-мен (суық су) 2623,0 мың теңгеге қосымша 1200,0мың теңгеге, жылу жүйесі «Текелийский энергокомплекс» ЖШС-мен 6500,0 мың теңгеге, қосымша «КазТЭС» ЖШС-мен 3483,0 мың теңгеге, байланыс қызметі үшін төлемдер «Алматытелеком» АҚ-мен 662,0 мың теңгеге жасалып игерілген.

2018 жылы «ЖетысуЭнерготрейд» ЖШС –мен 15000,0 мың теңгеге, «Текелі су құбыры» МКК-мен (кәріз су шығару) 2535,0 мың теңгеге қосымша 661,0 мың теңгеге, «Текелі су құбыры» МКК-мен (суық су) 2800,0 мың теңгеге қосымша 1200,0 мың теңгеге, жылу жүйесі «КазТЭС» ЖШС-мен 6500,0 мың теңгеге қосымша «КазТЭС» ЖШС-мен 10080,0 мың теңгеге, байланыс қызметі үшін төлемдер «Алматытелеком» АҚ-мен 940,0 мың теңгеге жасалып шарт талаптары бойынша игерілген.

Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

7. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.

Мекемеде бухгалтерлік есепті жүргізуде 2008 жылдың 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Бюджет Кодексін, «Есеп саясатын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу» Ережесін, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 01 тамыздағы № 468 Бұйрығымен бекітілген «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну» Қағидасын басшылыққа алған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі басшылыққа алынып,

«Парус-КАЗ БЮДЖЕТ» ақпараттық бағдарламасында қанағаттандырарлық есеп жүргізілген. Жылдық, жарты жылдық есептер толық жасалып, тиісті қосымшаларымен жоғары уәкілетті орындарға белгіленген уақытында тапсырылған.

Жеткізушілердің және жабдықтаушы, қызмет көрсетуші ұйымдар мен кәсіпорындардың тиісті құжаттарымен расталған. Мекеменің бухгалтерлік балансында 2018 жылдың 1 қаңтарына дебиторлық немесе кредиторлық қарыздар тіркелмеген.

Бағдарламаның «Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығы мен дұрыстығы мәселесі» тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

8. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.

Аудит барысында басқа мәселелер туындаған жоқ.

III. Қорытынды бөлік

Аудит бағдарламасында көрсетілген 8 сұрақтың нәтижесі бойынша аудит жүргізілді. Аудит барысында Мекеменің 2017-2018 жылдары жабдықтаушы және мердігерлер арасындағы есеп-айырысулардың түпнұсқа құжаттары, ұсынылған бюджеттік өтінім қосымшаларымен бірге, еңбекақы есептеу және төлеу құжаттарының түпнұсқалары, қаржылық есептіліктері тексерілді. Жоғарыда көрсетілген бағдарламаның жалпы сұрақтарымен өз міндеттері және мақсаттары бойынша мекеменің құжаттарына ішінара аудит жүргізіліп, құжаттарының талапқа сай екендігі және ауытқулар жоқтығы анықталды.

Мекеме өз қызметінің Қазақстан Республикасының заңдарына, нормативті құқықтық актілеріне , өзгеде нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырған. Мемлекеттік аудимт жүргізу барысында мемлекеттік аудит нысанымен қаржылық және шаруашылық операциялар жүргізу заңнамалары, ішкі нормативтік актілер және нысан қызметінің тиімділігі құжаттары айтарлықтай сақталғаны анықталды. Мемлекеттік саясатты жүргізуге аудит объектісінің әсер етуі және пайдаланылған қаражат аудит объектісі тарапынан қаржы жоспарына сәйкес тиісті бағдарламалар бойынша өз міндеттерін атқару қанағаттанарлық.

Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер: Мемлекеттік аудит жүргізуіне кедергілер болған жоқ.

Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

Мемлекеттік аудит барысында шаралар қабылданған жоқ.

IV. Қосымшалар:

Тексеру комиссиясы
2 дана

1) Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап №1 қосымшасы (2-парақта);
2) Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі № 2 қосымша (3-парақта);
3) Аудит объектісінің құрылтай құжаттарының көшірмелері №3 қосымша (10 парақта);
4) Аудиторлық бағдарламаның сұрақтары бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі №4 қосымша (1-парақта).
5) № 1 кесте. Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат №5 қосымшасы (4 парақта);
6) Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы апта сайынғы есеп №6 қосымша (1-парақта).
7) Тексеріп қарау актісі № 8 қосымша (6-парақта).

Тексеру комиссиясының қызметкері:

Бас маман-мемлекеттік аудитор Ботабеков М.С.

Мемлекеттік органдардан тартылған мамандар, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың жұмыскерлері, сарапшылар:

_____ _____

(лауазымы) (қолы, ТАӘ(болған жағдайда)

Аудиторлық есеп екі данада жасалды:

1-ші дана № 008049 бланкте «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне;

2-ші дана № 008050 бланкте: «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне

Тексеру комиссиясы 2-дана